



### СӘУІРДЕГІ СЕРПІН

Мәжілістегі белсенділік қандай?

2

12+

# GITEX AI KAZAKHSTAN 2026

Алматы – цифрлық технологиялар тоғысқан алаң

Алматы қаласында GITEX AI Kazakhstan 2026 көрмесі алғаш рет ұйымдастырылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен ауқымды іс-шара әлемдегі жетекші технологиялық экожүйені қарқынды дамытып келе жатқан цифрлық елдердің бірі – Қазақстанмен тоғыстырды.

ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің қолдауымен өткен іс-шараны inDrive компаниясы ұйымдастырған болатын. Жоба Astana Hub халықаралық инновациялық кластері мен Алматы қаласы әкімдігінің серіктестігімен жүзеге асырылды.

3



БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

- Telegram: @AQSHAMY\_KZ
- TikTok: @AQSHAM\_NEWS
- Instagram: @AQSHAM\_NEWS
- Facebook: @AQSHAM\_NEWS





## ПАРЛАМЕНТ

# СӘУІРДЕГІ СЕРШІН

## Мәжілістегі белсенділік қандай?

**«Алматы ақшамы» өз оқырмандарына Парламент жұмысының белсенділігі, ондағы көтерілген бастамалар төңірегінде ұдайы сараптама ұсынып келеді. Өткен сәуір айында Мәжіліс алаңы қызу талқыға толы болды. Жалпы, Мәжіліс IV сессияда айрықша белсенділікпен ерекшеленді. Себебі, оның жұмысы Жаңа Конституцияның қабылдануымен тұспа-тұсп келді. Осыған орай Ата Заңға ілеспе барлық заңдарға өзгеріс енгізіледі. Сессия аяқталғанға дейін Мәжіліс депутаттары Президент, Құрылтай, Халық Кеңесі, Астананың мәртебесі және еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы жаңа бес конституциялық заң жобасын қарауы тиіс.**

**Бұдан бөлек, депутаттардың күнделікті жұмысын да ескерген жөн. Соның бірі – сайлаушыларының талап-тілектерін депутаттық сауалдармен жауапты мемлекеттік органдарға жеткізу болып саналады. Олай болса, аталған бағытта депутаттардың өткен айдағы жұмыстарына зер салып көрейік.**

### «AMANAT» әлі алда

Сәуір айында Мәжіліс депутаттары мемлекеттік органдарға 52 сауал жолдаған. Өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда, белсенділік азайған. 2025 жылы сәуірде 56 депутаттық сауал жолданған. Алайда, 2024 жылмен салыстырғанда, белсенділік едәуір артқан. Сол жылы сәуірде депутаттар 38 сауал жолдаған екен. Бұл Мәжілістің жұмыс қарқыны бәсеңдегенін көрсетеді. Ал 2025 жылмен салыстырғанда, белсенділіктің төмендеуіне Жаңа Конс-

титутцияға ілеспе заңдарды дайындау үдерісі әсер етуі мүмкін.

Мәжілістегі партиялық фракцияларды қарайтын болсақ, билеуші партия «AMANAT» өзгелерге қарағанда белсендірек жұмыс істегенін көреміз. «Аманаттықтар» сәуірде 24 сауал жолдаған. Кейін «Ақ жол» партиясы тұр. «Ақ жол» фракциясының депутаттары 10 мәселе көтерген. Ал «Ауыл» партиясы 5 сауал дайындаған. Көш соңында «Respublica» (3) және «ЖСДП» (2) фракциялары тұр.

### Депутаттық сауалдар кімге бағытталған?

Депутаттық сауалдар жауапты мемлекеттік органдардың басшыларына жолданады. Парламент Мәжілісінің ресми ақпараттық ресурсындағы мәліметке сүйенсек, депутаттардың басым бөлігі ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновке сауалдарын жолдаған. Сәуір айында Үкімет басшысына 20 сауал бағытталған. Бұл қоғамдық мәселенің басым бөлігі орталық атқарушы билік басшысы деңгейінде шешімін табатынын көрсетеді.

Екінші орында Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева тұр. Оған 11 сауал жолданған. Бұл әлеуметтік сала мәселелері депутаттарды көбірек толғандыратынын білдіреді. Әлеуметтік мәселе бірінші кезекте тұрғанын Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлнәзароваға жолданған сауалдардан (3) да көруге болады.

Мәжіліс депутаттарын Премьер-министрдің орынбасарлары Роман Скляр, Серік Жұманғарин және Жаслан Мәдиевтердің жауапты блоктары төңірегіндегі мәселелер де толғандырған. Әрқайсысына сәуірде 3 сауалдан бағытталған. Бұдан бөлек, М.Тәкиев, Ш.Әрінов, С.Нұрбек және Е.Сағымбаевтарға 1 сауалдан жолданғанын атап өткен жөн.



Сауал жолданған басшылар	Сауалдар саны
О.Бектенов (Премьер-министр)	20
А.Балаева (Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі)	11
Р.Скляр (Премьер-министрдің бірінші орынбасары)	3
С.Жұманғарин (Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі)	3
Ж.Мәдиев (Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі)	3
А.Әлнәзарова (Денсаулық сақтау министрі)	3
Б.Асыллов (Бас прокурор),	
Н.Сауранбаев (Көлік министрі)	2
М.Тәкиев (Қаржы министрі),	
Ш.Әрінов (Төтенше жағдайлар министрі),	
С.Нұрбек (Ғылым және білім министрі),	
Е.Сағымбаев (ҰҚК Төрағасы)	1

Бұдан қарап Мәжіліс депутаттары IV сессияда белсенділігін жоғары деңгейде сақтап қалғанын көреміз. Бұл алдағы саяси науқан мен маусымға дайындық болып саналады. Парламенттің қос палатасында аз уақыт қалғанымен, осы қысқа мерзім ішінде атқаруға тиіс маңызды міндеттер өте көп. Айталық, алдағы бірпалаталы заң шығарушы органның тиімді жұмыс істеуіне қажетті маңызды заңнамалық өзгерістерді жасауы тиіс. Осыған қарап алдағы бірнеше айда да Мәжіліс пен Сенат белсенді күйін сақтап тұратынын болжай аламыз.

Пердехан ШӘМШИЕВ,  
сарапшы.



## МЕМОРАНДУМ

## КЕҢЕЙТІЛГЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

«Алматы» ӘКК мен «Қазақмыс» жаңа келісім жасасты

**Екі тарап өнеркәсіптік кооперацияны дамытуға, отандық өндірушілерді қолдауға және жергіліктендіру деңгейін арттыруға бағытталған ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Өзара іс-қимылдың негізгі бағыттарының бірі – «Алматы индустриялық аймағы» ЖШС резиденттері мен кооперацияны дамыту болмақ.**



Гүлжанат  
СЕМБАЕВА

«Алматы» ӘКК-нің еншілес ұйымы – Алматы индустриялық аймағы бүгінде қаланың өнеркәсіптік дамуының негізгі алаңдарының бірі саналады.


Қазіргі таңда оның резиденттері қатарында жалпы жобалар көлемі 884 млрд. теңге болатын және 20 мыңнан астам жұмыс орнын ашу әлеуеті бар 147 компания бар. Тек 2025 жылдың өзінде аймақ аумағында 221,2 млрд. теңге сомасына 14 жоба іске қосылып, 4922 жұмыс орны құрылды. Индустриялық аймақ құрылғаннан бері рези-


денттер шамамен, 3,4 трлн. теңгенің өнімін өндіріп, 14 мыңнан астам жұмыс орнын ашты, ал төленген салықтар көлемі 96 млрд. теңгеге жетті.

Өндірістік алаңдарға бизнес тарапынан жоғары сұраныс Алматы индустриялық аймағының жаңа кәсіпорындарды орналастыру үшін тиімді база екенін көрсетеді. Осыған байланысты 2026 жылы қала әкімдігі оның аумағын 393 гектарға кеңейтуді жоспарлап отыр. Бұл жаңа өндірістік жобаларды іске асыруға қосымша мүмкіндік беріп, Алматының өндірістік әлеуетінің одан әрі өсуіне ықпал етеді.

«Қазақмыс» үшін қазақстандық қамтуды дамыту – ұзақмерзімді стратегияның негізгі құрылымдардың бірі. Бұл бағыттың нақты нәтижелері де бар: 2025 жылдың қорытындысы бойынша компания отандық өндірушілерден шамамен, 577 млрд. теңгеге өнім мен қызмет сатып алған. Оның шамамен, 27%-ы, яғни 152 млрд. теңгесі Алматы кәсіпорындарына тиесілі. Бұл қаланың өңіраралық кооперация жүйесіндегі маңызды рөлін айқындайды.

Ынтымақтастық аясында шикізат ресурстарын өңдеуді дамытуға ерекше назар аударылады. «Қазақмыс корпорациясының» өнеркәсіптік бейінін ескере отырып, меморандум Алматыда мыс өңдеуге және жоғары қосылған құны бар өнім шығаруға бағытталған өндірістік тізбектерді қалыптастыруға қосымша мүмкіндік ашады.





# GITEH AI KAZAKHSTAN 2026

Алматы – цифрлық технологиялар тоғысқан алаң



Дана  
САДЫРҚАН

(Басы 1-бетте)

Орталық Азия мен Кавказ өңірінде алғаш рет ұйымдастырылған алаңға халықаралық корпорациялар, стартаптар, 60 елден келген 150-ден астам сарапшы спикер, инвесторлар және мемлекеттік сектор өкілдері жиналды. Қатысушылар өңірдің жасанды интеллектке негізделген болашағын талқылап, тәжірибе алмасты.

## «Цифрлық өнімділіктің әсері маңызды»

Көрменің ашылуында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев цифрлық бағытты дамытудағы маңызды мәселелерге тереңінен тоқталып өтті:

«Цифрлық контентке бағытталған кезде, шығынға негізделген тәсіл мен нақты сектордағы өсімнің нәтижесінде пайда болатын шынайы инновацияны ажырата білу қажет. Жалпы, коммуникация кейде тиімділік иллюзиясын қалыптастырып, барлық цифрлық контентті қайта бағалау мен сараптауға итермелейді. Біз ұйымдарға стратегиялық жоспарлау мен реформаларды жүзеге асыруда қолдау көрсетеміз, өйткені қазіргі заманда күрделі құралдар арқылы цифрлық өнімділіктің әсерін бағалау маңызды», – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Премьер-министрінің орынбасары, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев елдегі цифрлық дамудың негізгі көрсеткіштеріне тоқталды:

– Әлемдік Top-500 қатарына енген суперкомпьютерлік жүйелер мемлекеттік органдарға, стартаптарға, университеттерге және зерттеушілерге қызмет көрсетуде. Сонымен қатар, IT экспорты 1,2 миллиард доллардан асып, елдің цифрлық экономикасы үшін маңызды кезеңге жетті. Қазақстанда жасанды интеллект саласындағы алғашқы «юникорн» – Alem.cloud қалыптасты. Бұл нәтижелер Президенттің бастамасымен жүзеге асып жатқан ұлттық саясаттың тиімділігін көрсетеді, – деді министр.

## Әлемдегі үш тиімді модель

Oxford Insights компаниясының бас директоры Ричард Стирлинг Қазақстанның Global AI Readiness Index рейтингінде 16-орынға көтерілгенін атап өтті. Оның пікірінше, бұл – жүйелі реформалардың нәтижесі. Елде жасанды интеллект туралы заң қабылданып, профильдік министрлік құрылды, Президент жанынан AI кеңесі жасақталды. Ендігі міндет – жасанды интеллектті пилоттық жобалар деңгейінен нақты экономикалық құралға айналдыру. Яғни оны экономикалық өсім мен цифрлық дамудың негізгі драйверіне айналдыру қажет.



## ✓ САРАПШЫ СӨЗІ

**Олаф Дж. Грот, Cambrian Futures компаниясының негізін қалаушы және бас атқарушы директоры:**

Қазақстан айтарлықтай үлкен прогреске қол жеткізді. Мысалы, алғашқы AI туралы заң қабылданды, жасанды интеллект саласындағы алғашқы «юникорн» – Alem.cloud пайда болды, жергілікті қажеттіліктерге арналған екі базалық модель әзірленді. Енді AI кеңесі жасанды интеллектті бүкіл экономикаға кеңінен енгізуге назар аударуы тиіс. Елдегі әрбір азамат оның игілігін көруі қажет, ал Қазақстан жаһандық AI дәуірінде өз орнын табуы керек. Бұл үшін өзіне тән табиғи артықшылықтарға сүйенуі қажет.

Мысалы, пайдалы қазбаларды өңдеу процесіне де AI енгізу маңызды. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы – үлкен әлеуетке ие сала. Қазақстан теориялық тұрғыда әлем бойынша 400 миллион адамды азық-түлікпен қамтамасыз ете алады. Бұл бағытта AI қолдану аса маңызды болады. Қазақстан – Шығыс пен Батысты байланыстыратын негізгі тораптардың бірі. Сондықтан логистикада AI қолдану арқылы тиімділікті арттырып, қосымша құн қалыптастыру қажет. Егер Қазақстан осы ішкі артықшылықтарын тиімді пайдаланып, жаһандық деңгейде дұрыс позицияланса, онда ол әлемдік ауқымда мүмкіндіктерді кеңейте отырып, басқа елдермен тығыз байланыс орната алады.

Сарапшы әлемдегі үш тиімді модельді мысалға келтірді. Мәселен, Эстония деректерге негізделген сенім моделін қалыптастырып, X-Road жүйесі арқылы цифрлық трансформацияға қол жеткізген. Сингапурда GovTech агенттігі мемлекеттік қызметтерді түбегейлі өзгерткен. Ал БАӘ мемлекеттік қолдау арқылы AI инфрақұрылымын дамытып, деректер орталықтары мен есептеу қуаттарын күшейткен. Қазақстан үшін осы тәжірибелерді үйлестіре қолдану маңызды. Бұл ретте мемлекет стандарттарды қалыптастырып, ірі компаниялар инвестиция салып, стартаптар инновация әкелуі тиіс. Осындай серіктестік арқылы ғана ауқымды нәтижеге қол жеткізуге болады.

Айта кетейік, іс-шараға Cisco, Cloudflare, Google Cloud, Huawei, Dell, H3C Technologies, Lenovo, Trend Micro, Hikvision, HP, Noventiq, Redington, Salesforce, Vertiv және Yandex сияқты әлемдік технологиялық компаниялар қатысты. Сонымен қатар, қазақстандық жетекші ұйымдар – Kazakhtelecom, Kcell, Beeline Kazakhstan және Tier IV деңгейіндегі Akashi Data Center өз шешімдерін ұсынды.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

# АҚША АҒЫНЫ

**Елдегі қаржы, сауда және инвестициялық белсенділігі ең жоғары қала саналатын Алматының экономикалық тынысы кең. Мұнда ақша табу мүмкіндігі көп болғанымен, оны сақтау мен көбейту мәселесі барған сайын күрделеніп келеді.**

**Соңғы жылдары халықтың қаржылық мінез-құлқы айтарлықтай өзгерді, бұрын тек депозитке сенетін қоғам қазір инвестицияға, қор нарығына, жылжымайтын мүлікке және шағын бизнеске көбірек бет бұрып отыр. Бұл өзгеріс экономикаға табыс әкелгенімен, тәуекелдерді де күшейтеді.**

Аяжан  
СЕРІКҚЫЗЫ

## Инвестицияға деген қызығушылық неге артты?

### НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕР

- Инфляцияның жоғары деңгейі**  
10–12% деңгейінде сақталуда
- Ақшаның нақты құны төмендейді**  
Тек сақтау жеткіліксіз, көбейту қажет
- Қаржы нарықтарының қолжетімділігі артты**  
Цифрлық платформалар арқылы инвестицияға кіру жеңілдеді
- Инвестицияға деген қоғамдық қызығушылық**  
Қаржылық еркіндік пен пассив табыс идеялары кеңінен таралуда



### РЕСМИ ДЕРЕКТЕРГЕ СҮЙЕНСЕК

- ЖІӨ-дегі инвестицияның үлесі 28–32% аралығында**  
Капитал салымдары маңызды рөл атқарады
- Халықтың тұтыну шығыны ЖІӨ-нің 50%-дан астамын құрайды**  
Экономикада ақша көбіне тұтырудан айналымға түседі

### ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

- Жылжымайтын мүлік**  
Сұраныс жоғары, жалға беру нарығы дамыған. Бірақ баға қымбат, бастапқы капитал үлкен.
- Шағын және орта бизнес**  
Қызмет көрсету, сауда, онлайн бизнес кең таралған. Тәуекелі де жоғары.
- Цифрлық инвестиция құралдары**  
Онлайн платформалар арқылы қолжетімді. Бірақ алаяқтық қаупі де жоғары.

### АҚШАНЫ САҚТАУ ЕМЕС, ОНЫ ЖҰМЫС ІСТЕТУ КЕРЕК

#### ЕҢ МАҢЫЗДЫСЫ – ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

- Жоспарлау
- Талдау
- Тәуекелді бағалау
- Дұрыс бөлу

### ИНВЕСТИЦИЯ – ЖЫЛДАМ ПАЙДА ЕМЕС, ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ СТРАТЕГИЯ

#### ҚОРЫТЫНДЫ:

Халық пассив жинақтаудан белсенді қаржылық шешімдерге көшіп жатыр.

Ресми деректерге сүйенсек, Қазақстан экономикасында инвестиция көлемі соңғы жылдары тұрақты түрде жоғары деңгейді сақтаған. Жалпы, ішкі өнімдегі инвестицияның үлесі шамамен, 28–32% аралығында. Бұл көрсеткіш ел экономикасында капитал салымдарының маңызды рөл атқаратынын білдіреді.

## СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

**Мұрат ТОЛҚЫНБАЙ,**  
қаржыгер:

### ТАНЫМ ӨЗГЕРІП КЕЛЕДІ

Соңғы жылдары Қазақстанда, әсіресе, Алматы сияқты ірі қалаларда инвестицияға деген қызығушылықтың айтарлықтай артқанын байқауға болады. Бұл үрдісті бір ғана себеппен түсіндіру қиын. Ең алдымен, бұған макроэкономикалық факторлар әсер етуде. Инфляцияның тұрақты түрде жоғары деңгейде сақталуы халықтың ақшаға деген көзқарасын өзгертті. Бұрын көпшілік үшін қаржыны банкке сақтау қауіпсіз әрі жеткілікті құрал саналса, қазір ол қаражаттың нақты құны уақыт өте төмендейтінін адамдар анық сезіне бастады. Сондықтан халық «ақшаны сақтау емес, оны жұмыс істетуге керек» деген түсінікке көбірек бейімделіп жатыр.

Екіншіден, қаржы нарықтарының қолжетімділігі артты. Бұрын инвестиция тек кәсіби қаржыгерлер мен ірі капитал иелерінің саласы болса, қазір цифрлық платформалар арқылы қарапайым азаматтар да қор нарығына, облигацияларға немесе түрлі қаржы құралдарына қол жеткізе алады. Бұл өз кезегінде инвестицияға кіру шегін төмендетті. Дегенмен, қолжетімділік артқан сайын тәуекел де көбейеді. Себебі, нарыққа тәжірибесіз қатысушылардың көптеп келуі дұрыс шешім қабылдауға қауіп күшейтеді.

Үшіншіден, әлеуметтік факторды да ескермеуге болмайды. Қазіргі ақпараттық кеңістікте инвестициялау, пассив табыс табу, қаржылық еркіндік сияқты ұғымдар кеңінен насихатталып отыр. Бұл жастар мен белсенді халық арасында белгілі бір мотивация қалыптастырды. Алайда, мотивация әрдайым біліммен қатар жүрмесе, ол қате шешімдерге алып келуі мүмкін.

Сондықтан бүгінгі ең басты мәселе – қаржылық сауаттылық. Қорытындылай айтқанда, инвестицияға деген қызығушылықтың өсуі – заңды әрі оң үрдіс. Бірақ оның нәтижелі болуы халықтың қаржылық мәдениеті қаншалықты дамиды және нарықты қаншалықты дұрыс түсінеді дегенге тікелей қатысты. Егер осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізілсе, инвестиция жеке табыс көзі ғана емес, экономиканың да тұрақты дамуына ықпал ететін маңызды құралға айналады.

Сонымен қатар, экономиканың құрылымында халықтың тұтыну шығыны әлі де басым: ол ЖІӨ-нің 50%-дан астамын құрайды. Яғни экономикада ақша көбіне инвестициядан емес, күнделікті тұтырудан айналымға түседі.

Соңғы жылдары инфляция деңгейі де халықтың қаржылық жағдайына тікелей әсер етіп отыр. Бағаның өсуі тұрақты сипат алған: соңғы жылдары инфляция шамамен, 10–12% деңгейінде сақталуда. Бұл жағдай жалақы өскен күннің өзінде нақты сатып алу қабілетін төмендетеді. Сондықтан халықтың «ақшаны сақтау жеткіліксіз, оны көбейту керек» деген түсінікке көшуі заңды құбылысқа айналған. Осы фон аясында инвестицияға қызығушылық артты. Қор нарығы бұрынғыдай тек кәсіби қаржыгерлердің саласы емес, қарапайым азаматтарға да қолжетімді бола бастады.

Алматыда тұрғын үйге сұраныстың жоғары болуы, ішкі көші-қонның артуы және жалға беру нарығының дамуы бұл секторды тартымды етеді. Бірақ бағаның қымбаттауы мен бастапқы капиталдың жоғары болуы көптеген адамдар үшін кедергі болып отыр. Сонымен қатар, шағын және орта бизнеске инвестиция салу да кең таралып келеді. Қызмет көрсету, сау-

да және онлайн бизнес бағыттары халықтың қаржы салатын негізгі салаларына айналған. Дегенмен, кәсіпкерлік тәуекелсіз емес: нарықты дұрыс бағалау немесе басқару тәжірибесінің жетіспеуі жиі шығынға әкеледі.

Соңғы жылдары цифрлық инвестиция құралдары мен онлайн платформалар да кең тарайды. Бұл инвестицияны қолжетімді еткенімен, тәуекел деңгейін де арттырды. Себебі, қаржы нарығын түсінбей кірген азаматтар үшін жалған жобалар мен күмәнді схемаларға тап болу қаупі жоғары. Осы жағдайлардың барлығы бір маңызды мәселені алға шығарады – қаржылық сауаттылық. Қазір тек ақша табу жеткіліксіз, оны басқару, жоспарлау және дұрыс бөлу негізгі дағдыға айналуы тиіс.

Инвестиция – жылдам пайда құралы емес, ұзақ мерзімді стратегия екенін түсіну маңызды. Жалпы алғанда, Қазақстандағы инвестициялық мәдениет жаңа кезеңге өтті. Халық пассив жинақтаудан белсенді қаржылық шешімдерге көшіп жатыр. Бірақ бұл процестің нәтижелі болуы үшін білім мен тәжірибе шешуші рөл атқарады. Себебі, дұрыс шешім инвестицияны табыс көзіне айналдырса, қате қадам үлкен қаржылық тәуекелге алып келуі мүмкін.

# ИНФЛЯЦИЯ

## қарқыны баяулады

**Осы жылдың сәуір айында айлық инфляция 0,8% деңгейін құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы 0,7%-ға өсті. Ал азық-түлік емес тауарлар мен ақылы қызметтердің бағасы 0,9%-ға қымбаттады.**

Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы таратқан мәліметке сәйкес, азық-түлік тауарлары арасында кейбір өнімдердің бағасы төмендеген. Атап айтқанда, банан мен апельсин 3%-ға арзандаған. Көк шөп пен бұршақ дақылдарының

бағасы 0,6%-ға, зефир – 0,5%-ға, ал кептірілген өрік 0,4%-ға төмендеген.

Азық-түлік емес тауарлардан кір жуғыш машиналар – 1,2%, парацетамол – 0,8%, контактілі линзаларға арналған ерітінді – 0,7%, блендер – 0,6%, теледидарлар – 0,4% арзандады. Бағаның өсуі қол сағаттарына – 4%, цементке – 2,4%, жеке гигиена тауарларына – 1,5%, жуғыш және тазартқыш құралдарға – 0,7% байқалды.

Ақылы қызметтер саласында туристерге арналған медициналық сақтандыру – 1,9% арзандады. Кли-

нинг қызметтері – 0,8%, косметолог қызметтері – 0,7%, компьютерлер мен ноутбуктарды жөндеу – 0,3% қымбаттады.

Жылдық есепте 2026 жылғы сәуірде инфляция 10,6%-ды құрап, наурыз айымен салыстырғанда, 0,4 пайыздық тармаққа баяулады. Азық-түлік емес тауарларының бағасы 11,7%, азық-түлік тауарлар – 11,3%, ақылы қызметтер – 8,9% өсті.

Алматы қаласында да осыған ұқсас жағдай. Инфляция деңгейі кейінгі жылдары республикалық көрсеткішпен шамалас деңгейде қалып отыр. 2025 жылы баға өсімі 12 пайыздан асса, 2026 жылы инфляцияның біртіндеп баяулауы байқалады. Дегенмен, азық-түлік, тұрғын үй және қызмет көрсету саласындағы бағаның өсуі қала тұрғындарының тұрмыс деңгейіне әлі де әсер етіп отыр.

Әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



# ҚОС МЕРЕКЕ

М.МАҚАТАЕВ – 95

**Ф.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығы мен ақын атындағы гимназияның 35 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті. Осынау айтулы күннің басты жаңалығы ретінде екі кітаптың тұсауы кесілді.**



хын жас ұрпаққа жеткізу басты мақсат етілген.

«Сен айт менің ойымды, айта алмаған» атты тағы бір еңбектің авторы – Жеңіскүл Ілгербаева. Автордың сөзінше бұл еңбек – ішкі ойдың кітабы. Мұқағали Мақатаевтың шығармашы-

лығымен үндестік тапқан кітап адам тілі жете бермейтін нәзік сезімдерді бейнелеудегі шеберлігімен ерекшеленген.

Іс-шара барысында Жұлдыз Мұқағалиұлы сөз алып, ақын үшін халықпен байланыс ең басты құндылық болғанын атап өтті. Әрі ақын есімін ардақтаған

мазмұнды іс-шараның маңызын жоғары бағалады. Қазақстанның Тұңғыш Еңбек Ері Аягүл Миразова білім мен руханияттың сабақтастығына назар аударып, мұндай бастамалардың қоғам үшін маңызын ерекше атады. Ал Мұқағали Мақатаев атындағы қоғамдық қордың төрайымы Бақыткүл Айдарова бірқатар марапаттар табыстады. «Құрмет» орденінің иегері, «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздік қызметкері» Сафура Сәлімбақызы ақынның «Құрмет» медалімен марапатталды.

Кештің көркемдік бөлігі «Мен таулықпын» атты поэтикалық қойылыммен жалғасты. Мұқағали Мақатаев бейнесін сахнада сомдаған Еркем Жексембайұлы көрерменге ерекше әсер сыйлады.

Ата-аналар қауымы да кештің мазмұнына жоғары баға берді. «Осындай сәттерде баламыздың қандай ортада білім алып жүргенін түсінеміз. Бұл жәй мектеп емес – тәрбие беретін орта. Мұндай жобалар балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттырады», – деген пікірлер жиынның тағылымдық мәнін айқындай түсті.

«SANAQ»



## Үздіктер анықталды

### Зияткерлік ойын өз мәресіне жетті

**Алматыдағы жоғары оқу орындары студенттерінің арасында өткен «SanaQ» зияткерлік шоу ойынының ең тартысты кезеңі – гранд-финал өз мәресіне жетті. Жоба қалалық Ішкі саясат басқармасы қолдауымен және «Алматы студенттер Альянсы» корпоративтік қорының ұйымдастыруымен жүзеге асырылды.**

Дана САДЫРҚАН

Аталған бастамаға өзге этнос өкілдері бар студенттік топтардың қатысуы оның маңызын арттыра түсті. Жоба жастар арасында Қазақстан тарихын, мәдениетін, ұлттық дәстүрлерді және мемлекеттік тілдің рөлін кеңінен насихаттауды мақсат еткен. Енді бір жағынан студенттердің аналитикалық ойлау қабілетін дамытып, жылдам әрі дұрыс шешім қабылдауға, сондай-ақ көшбасшылық қасиеттерін шыңдауға мүмкіндік берді.

Іріктеу кезеңіне Алматы қаласындағы 16 жоғары оқу орнының студенттері қатысып, олардың ішінен үздік шыққан 4 команда финалдық кезеңге жолдама алды. Гранд-финалда М.Тынышбаев атындағы АЛТ университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ ұлттық

қыздар педагогикалық университеті және Қазақ ұлттық аграрлық университеті студенттері бақ сынады.

Финалдық кезең барысында қатысушылар білім мен логиканы ұштастыра отырып, күрделі әрі қызықты тапсырмалар арқылы өзара бәсекеге түсті. Жүлде қоры 1 млн. теңге болған ойын сұрақтары қазақ тілі, қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы және география пәндерін қамтыды.

Жоба Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында ұйымдастырылып, ел бірлігін дәріптеуді көздеді. «Алматы студенттер Альянсы» төрағасы Айболат Нығметжанұлы өз сөзінде жобаның маңыздылығына тоқталып, қатысушылардың жоғары дайындықпен келгенін атап өтті. Оның айтуынша, байқау алдында студенттер 40 сұрақтан тұратын тест тапсырмалары арқылы іріктеліп, үздіктер ғана финалға жолдама алған.

БІРЛІК КҮНІ

## Балаларға кітап сыйлаймыз

**Мегаполистегі Тұңғыш Президент саябағында Қазақстан халқының бірлігі күніне орай кең ауқымды мерекелік іс-шара өтті. Ашық аспан астында ұйымдастырылған концерт-фестивальге қала тұрғындары мен меймандары көп жиналды.**



Нұржамал ӘЛІШ

Мерекелік сахнада отандық танымал эстрада жұлдыздары өнер көрсетіп, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Саябақ алдында әуелеген ән-жыр, би-күй де елдегі татулық пен бірліктің маңызын айшықтай түсті.

«Бұл фестивальді Бостандық ауданы әкімдігімен бірлесіп, биыл екінші жыл ұйымдастырдық. Біздің осы қалада

орналасқан «Galaxy International school» халықаралық мектебінің әр сыныбына бір-бір ұлттан бекітіп бердік. Олар сол этностың ән-би, жыр-күйінен концерт берді. Мәдениетін, құндылығын көрсетті. Әр сынып оқушылары ата-аналарымен бірігіп әр ұлттың әшекей бұйымдарын жасап әкеліп, қолөнер жәрмеңкесіне қойды. Ұлттық тағамдар жәрмеңкесі де ойдағыдай өтті. Түскен қаржыға осы фестивальде бізбен тілек біріктірген «Kitapal» кітап дүкенінен көр-

кем шығармалар сатып алып, бәрін шалғай ауылдардағы мектептерге сыйлайтын боламыз», – дейді өзбек этносының өкілі, «Galaxy International school» халықаралық мектебінің директоры Бахтиер Эрметов.

Бірлік күнін тойлауға саябаққа ата-анасымен келген, қолында тәтті балмұздағы бар жас ұрпақты да сөзге тарттық.

«Біздің сыныпта 23 оқушы бар. Сафия есімді араб қызы мен Метехан атты түрік баласы да бізбен бірге оқиды. Екеуі де қазақша сөйлейді. Біз бір-бірімізді құрметтейміз. Доспыз. Менің Қазақстаным бәрін жақсы көреді», – дейді Алматының №147 гимназиясының 5-сынып оқушысы Кәусар Айдарбай.

## Алматыда гастрономиялық жәрмеңке өтті

**Абай алаңында ұйымдастырылған гастрономиялық жәрмеңке этномәдени бірлестіктер мен қоғамдық тамақтану орындарының басын қосты. Іс-шарада түрлі халықтардың ұлттық тағамдары ұсынылып, олардың мәдениеті мен дәстүрі таныстырылды.**



Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

Түрік этномәдени бірлестігінің өкілі Наргиз Мурадова ұлттық тағамдардың ерекшелігін айтып өтті: «Фурун этмеги үлкен пеште пісіріледі, синор жұқа лаваштан жасалып, үстіне айран немесе йогурт құйылады. Долма, шякярлямя, пейнир, чечил секілді тағамдарымыз бар», – дейді ол.

Ал «Барбанг» қауымдастығы жанындағы Аналар кеңесінің төрайымы Жамиля Бабаева ұлттық дәстүрге тоқталды: «Мұнда мәселен,



Суретті түсірген А.КОЛҮМБЕТОВА.

құмыралар қойылған. Құмыралар ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып жетеді. Оған су не айран құйып, қонаққа арнайы ыдыстармен ұсынамыз».

Қонақтар тағамдардан дәм татып қана қоймай, олардың шығу тарихы мен дайындалу тәсілдерімен танысты. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай іс-шаралар ұлтаралық келісімді нығайтып, мәдени ықпалдастық пен гастротуризмді дамытуға ықпал етеді.

– Қазіргі жаһандану дәуірінде мәдени байланысты сақтау мен дамыту аса маңызды. Осындай іс-шаралар түрлі этнос өкілдері арасындағы өзара түсіністікті арттырып, достық пен сыйластыққа негізделген орта қалыптастырады. Сонымен қатар, Алматыны бай мәдени әрі гастрономиялық әлеуеті бар қала ретінде танытуға мүмкіндік береді, – дейді ұйымдастырушылар.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК.

# РУХ ПЕН ЖІГЕР

## «Бес қару» әскери-патриоттық ойыны өтті

**Бостандық ауданының демалыс орталықтарының қатысушылары мен студенттер «Бес қару» әскери-патриоттық ойынында қызықты сайысқа түсті. «ЦСК» стадионында ұйымдастырылған іс-шара Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен өтті.**



Дана  
САДЫРҚАН

Жобаның басты мақсаты – жастар арасында патриоттық тәрбиені нығайту, командалық рухты қалыптастыру, төзімділік пен өзара әрекеттесу қабілеттерін дамыту, сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттау. Қатысушылар әскери-патриоттық кезеңдерден өтіп, түрлі спорттық және командалық жарыстарда өз бақтарын сынады.

Жарысқа ҚР ИМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы, ҚР ҰҚК академиясы, ҚР ҰҚК Шекара қызметі академиясы, Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты, С.Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері әскери институты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және «Нархоз» университетінің командалары қатысты.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенұлы іс-шараға арнайы қатысып, жарысқа қатысушыларды жігерлендірді:

«Бұл ойын – Отанға деген сүйіспеншіліктің көрінісі. Мұндай іс-шаралар жастардың елге деген жауапкершілігін арттырып, олардың бойында ерік-жігер, тәртіп пен бірлік сияқты маңызды қасиеттерді қалыптастырады. Бүгінгі сайыс – тек жарыс емес, нағыз патриоттық мектеп», – деп атап өтті.

Қазақстан Республикасы ИМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясының дене дайындығы кафедрасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Бекжан Телтаевтың жарыс Академияның 70 жылдығы мен 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай ұйымдастырылғанын жеткізді. Қатысушылар әр кезеңде бірнеше тапсырманы орындап, 100 метр жүгіріп, келесі қатысушыға эстафетаны тапсырды.

Додаға қатысқан курсант Әділет Алмабаевтың айтуынша, команда бұл са-



йысқа ұзақ уақыт бойы тыңғылықты дайындалған.

– Біз өте қарқынды әрі күрделі жаттығулардан өттік. Жарысқа мол дайындық-



пен келдік. Команданың рухы жоғары», – деді ол.

Айта кетейік, «Бес қару» әскери-патриоттық ойыны жастардың бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастырып қана қоймай, олардың физикалық және зияткерлік әлеуетін дамытуға ықпал ететін маңызды алаңға айналып отыр.



## БЕЙБІТ ӨМІР САҚШЫЛАРЫ

**Елдің, қоғамның, қаланың тыныштығын сақтап жүрген, әскери қызмет барысында жанқиярлық ерлік жасап жүрген бүгінгі бейбіт күннің батырларын дәріптеу маңызды. Себебі, олар жас ұрпаққа үлгі.**



Нұржамал  
ӘЛІШ

Алматы қаласындағы С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде «Қазіргі заман батырлары» атты акция өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты – бейбіт уақытта ерлік көрсеткен Ұлттық ұлан әскери қызметшілерін ұлықтау және қоғамға қызмет етудің маңызын насихаттау.

Кездесуге ерлігі ел есінде қалған майор Жандос Баянбаев, аға сержант Өркен Мәжіт және қатардағы жауын-

гер Төленби Әбілда арнайы шақырылды. Салтанатты рәсім кезінде қызметтік борышын орындау барысында батылдық пен жанқиярлық танытқан әскери қызметшілер «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы генерал-майор Сакентай Шекарбековтың және С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің ректоры атынан «Алғыс хатпен» марапатталды.

Іс-шарада Ұлттық ұланның «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар басқармасының бастығы, полковник Тимур Рахимов, университеттің әскери кафедра бастығы, медицина қызметінің полковнигі Нұрлан Қызылбекұлы және мектеп оқушысы Арнай Жорабек те сөз сөйледі.

«Арамызда өзгенің өмірін құтқару үшін еш ойланбастан қауіпке қарсы қадам жасаған азаматтар бар. Бірі өз басын қатерге тігіп, қарауылдан қашып кетпекші болған сотталушының қитұрқы әрекетінен сақшы сарбазды аман алып қалды. Енді бірі бұзақылардың қолынан зардап шеккен азаматты құтқарып, қайғылы жағдайдың алдын алды. Ал енді бір

әріптесім – жасөспірімдер арасында есірткінің таралуының алдын алуға бірден-бір үлес қосқан жауынгер. Олар қатарымыздағы жас қызметкерлер мен болашақта Отан қорғауға дайындалып жүрген ұландар үшін үлгі», – деді полковник Тимур Рахимов.

Іс-шараға Ұлттық ұланның Алматы гарнизонындағы әскери қызметшілер, жоғары оқу орнының оқытушылары мен студенттері, сондай-ақ Алматы қаласы мен Алматы облысындағы мектеп оқушылары қатысты. Олар Ұлттық ұлан сарбаздарының тыныс-тіршілігінен сыр шертетін суреттер көрмесін тамашалады.

Патриоттық рухта өткен кездесу соңында әскери қызметшілердің ерлігіне арналған концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

Айта кетейік, бүгінде Ұлттық ұланның «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына қарасты әскери бөлімдерден 2000-ға жуық әскери қызметші күн сайын қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қызмет атқарады. Олар азаматтардың тыныштығын қорғау жолында тәуекелге барып, жауапты міндеттерін адал атқарып жүр.





**Екінші дүниежүзілік соғыс әлем тарихындағы ең сұрапыл қақтығыс болды. Соғыс өрті 1939–1945 жылдардың аралығында әлемнің 60-тан астам мемлекетін шарпып өтті. Оған қолына қару алған 110 миллионнан аса адам қатысса, әртүрлі деректер бойынша 50–70 миллионның аралығында адам өмірі құрбан болды.**



# ТАРИХ ПЕН ТАҒЫЛЫМ

Ол жылдары Кеңес Одағының құрамында болған қазақ елі фашизмге қарсы күреске 1941 жылы қосылды. Гитлер билеген Германия КСРО жеріне басып кірген соң, кеңестік әскердің құрамындағы қазақстандықтар жеңіс үшін аянбай күресті. Ресми деректер бойынша Қазақстаннан майданға 1 миллион 366 мың адам қатысқан. 410 мың отандасымыз кері оралмады. Тылда 700 мың адам еңбек етті. Бірақ кеңестік кезеңдегі идеологияны ескерсек, шынайы деректер бұл сандардан әлдеқайда жоғары болуы мүмкін. Жалпы, сұрапыл соғыстың салдарынан Кеңес Одағынан 26 миллион азаматы мерт болды.

Бүгінде ұрпақтарының болашағы үшін қанды майданнан өткен ардагерлердің саны азайып келеді. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының мәліметіне сәйкес, қазіргі таңда ардагерлерге тағайындалған арнайы мемлекеттік жәрдем-ақыны ел бойынша барлығы 83 адам алады. Оның ішінде 69 тікелей соғыс ардагері болса, ал 14-і ҰОС мүгедектері. Олардың біршамасы Алматы қаласында тұрады.

– Жыл сайын Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі. 2026 жылы Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 9 мамырға орай біржолғы әлеуметтік көмек 15 адамға, әрқайсысына 5 млн. теңге мөлшерінде көрсетілді, – деп хабарлады қала әкімдігі.

Алматылықтар үшін 9 мамыр – Жеңіс күнінің мәні ерекше. Себебі, бүгінде жайқалып тұрған қаламыз со-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ғыс жылдары кеңес әскеріне тірек болған ірі қалалардың бірі болды. Алматыда аты аңызға айналған 316-атқыштар дивизиясы жасақталып, Мәскеу түбінде өшпес ерлік көрсетті. Сонымен қатар, соғыстың алғашқы айларында КСРОның батыс өңірлерінен өндіріс орындарын шұғыл көшіру басталды. Алматыға қысқа мерзімде 30-дан астам ірі өнеркәсіп кәсіпорны эвакуацияланды. Олар жергілікті зауыттардың негізінде қайта жасақталып, небәрі 1,5–2 айдың ішінде майданға алғашқы өнімдерін бере бастады.

Мысалы, Луганск паровоз жасау зауыты негізінде Алматы ауыр машина жасау зауыты құрылды. Мәскеудегі «Электросила» мен Киров атындағы электр техникалық зауыты бой көтеріп, майданды байланыс құралдарымен

және электр жабдықтарымен қамтамасыз етті.

Одан бөлек, Алматы соғыс жылдарында бүкіл одақтың мәдени және ғылыми орталығына айналды. 1941 жылы Алматы кинохроника студиясы мен көркем фильмдер киностудиясы базасында Орталық Біріккен Киностудия (ОБКК) құрылды, оған Қазақстанға эвакуацияланған «Мосфильм» мен «Ленфильм» студиялары кірді. 1941–1944 жылдары студия Кеңес Одағының барлық көркем фильмдерінің шамамен, 80%-ын шығарды. Киностудия соғыс жылдары кинематографиялық майданды рух беретін және жауынгерлердің жауынгерлік рухын қолдайтын материалдармен қамтамасыз етіп, маңызды рөл атқарды.

Әзірлеген  
Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ЖЕҢІС КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

## АРДАГЕРДІҢ 100-ШІ КӨКТЕМІ

**Қала әкімдігі қатары күн санап сиреп баратқан ардагерлерді елеп-ескеріп, әрқайсысын үнемі уақыт тауып, құттықтап қайтуға тырысады. Қазір сол кезде әскерге аттанған ең жас ардагердің өзі 100-ге келіп отыр.**

Нұржамал  
ӘЛІШ

Бостандық ауданының әкімдігі мен Өңірлік коммуникациялар қызметінің мамандары Ұлы Отан соғысының ардагері Анатолий Назарович Поповтың үйіне сәлем бере барды.

Ардагер мектепті бітіре салысымен бірден майданға аттаныпты. II Балтық майданының құрамында байланыс ротасында қызмет етіп, Балтық елдерін азат етуге атсалысқан екен.

Анатолий Назарович «Рига қаласын азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін» медалмен, сондай-ақ мерейтойлық наградамен марапатталған.

Қызы Наталья Косолапованың айтуынша, жауды жеңгеннен кейін басшылық жас сарбазға оқуын жалғастыруды ұсынады. Сөйтіп, медицина саласындағы өмір жолын бастаған. Саратов әскери-медициналық училищесін бітірген соң, 40 жылдан астам уақыт бойы Алматы қаласының Совет ауданында (қазіргі Алмалы) фельдшер болып еңбек етеді.

Бүгінде ардагердің қызы, күйеу баласы, төрт немересі және жеті шөбересі бар. Осылардың арқасында кәріліктің қалай келгенін де сезбей қалғанын айтады. Ардагердің қызы Наталья Анатольевна әкесіне көрсетілген мұндай қамқорлыққа алғыс білдірді.

«Әкімдіктегі қызметкерлердің, еріктілер мен журналистердің осылай көңіл бөліп, келіп қайтқанын көп рахмет. Бұл соғыс көрген, қан кешкен ұрпақ қой. Біз бүгінгі бейбіт күн, ашық аспан үшін осы әкейлерге қарыздармыз. Өздерінің де қатары күн санап азайып барады...», – деді ол.

Мұндай кездесу өткенге құрмет қана емес, бүгінгі ұрпақты бейбіт өмірді бағалай білуге шақыру.



**Жеңіс күні соғыс ардагерлерінің жерлігін еске аламыз. Бірақ сол қан майдандардағы жеңіске тыл еңбеккерлері де үлкен үлес қосты. Соғыс тек майдан даласында болған жоқ, тылда да нағыз майдан жүрді. Жау басып алған аймақтардан өнеркәсіп орындары Қазақстан мен Сібірге көшіріліп, бұл өңірлер ел экономикасының тірегіне айналды. Әйелдер мен қарттар, 10–12 жасар балалар еңбекке ерте араласып, ауыр жұмыстың бел ортасында болды. Егін екті, мал бақты, зауытта жұмыс істеді. Сөйтіп жүріп, майданды азық-түлікпен, киім-кешекпен, қару-жарақпен қамтамасыз етті, Жеңісті жақындатты.**

## ТЫЛДАҒЫ МАЙДАН



Сурет: ашық дереккөзден.

Гүлжанат  
СЕМБАЕВА

1939 жылғы санақпен салыстырғанда, 1942 жылы Қазақстанда ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің саны 600 000 адамға азайған. Ауыл шаруашылығында еңбек еткен ерлердің майданға тартылуымен олардың орнын қариялар, әйелдер мен балалар басты. 1944 жылы қолхоздағы еңбекке жарамды ерлердің сандық үлесі – 20%, әйелдер – 58%, жасөспірімдер – 22% болды. Яғни майданды азық-түлік-

пен, шикізатпен іс жүзінде әйелдер, балалар мен қарт адамдар қамтамасыз етті.

Сұрапыл соғыс жылдарында колхоздар мен совхоздар майданға тек азық-түлік емес, сонымен бірге тірі мал, тіпті, ауыл шаруашылық техникасын жіберіп отырды. 1942–1943 жылдар аралығында республика ауыл шаруашылығынан 4111 трактор, 1184 жүк машиналары, 30318

жылқы майданға жіберілді. Сондықтан да соғыс жылдары егін салу жұмысының 50%-ын ірі қара атқарды. Тылдағы еңбекшілер жоғарыдан берілген жоспарды орындау барысында күні-түні еңбек етті. Соғыстың бірінші жылы мемлекетке 100 млн. пұт астық тапсырылды. Бұл көрсеткіш 1940 жылмен салыстырғанда, 24 млн. пұтқа артық.



# 1945 жылы сұра- п ы л соғыс

аяқталған соң майданда Кеңес Одағы Батыры атанғандардың ресми тізімі жасалды. Сол соғысқа 1 млн. 200 мыңнан астам адамды жіберген Қазақ ССР-інде Кеңес Одағы Батырларының саны 498 деп көрсетілді. Әрине, бұл ресми тізімге енбей қалған, көзсіз ерлік жасаған қазақ батырларының саны қаншама?! Дегенмен, қазақ жерінде туса да, есімі өзге республикаға телініп кеткен батырлар да болды. Солардың бірі – ел-жұртынан алғаш әуе кемесін тізгіндеген ұшқыш еді.



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСУЛЫ.

# ҚЫРАН ҚАЗАҚ

## Бауырлас елдің даңқын асырған



Нұрлан  
СҮЙІН

### Туған топырақтың өрені

Біз атағалы отырған қаһарман қазақтың есімі – Біліс (Плис) Көлгелдіұлы Нұрпейісов (1919–1945). Жергілікті өзеннің атымен байланыстырып қойылған Біліс есімі құжат алғанда Плис боп жазылып кеткен екен. Ол 1919 жылдың 23 желтоқсанында сол кездегі Ново-Александровск (бүгінде Төрткүл) ауылында дүниеге келді. Ол кезде бұл өңір тұтастай қазақ елінің территориясы саналатын. 1920 жылы Қазақ АССР құрылып, шекарасы белгіленді де, кейін құрылған Қарақалпақ облысы 1936 жылға дейін Қазақ автономиялық республика құрамында болды.

Кезіндегі Сырдария облысы, Тақтакөпір елді мекенінде бүгінде де негізінен қазақ пен қарақалпақ халқы араласып тұрады. Ал 1936 жылы батырдың туған жері Қарақалпақ Автономиясы болып Өзбек ССР құрамына өтті. Сондықтан да соғыстан кейін Плис Нұрпейісов Өзбекстаннан шыққан Кеңес Одағы Батыры деп танылды. Қалай болғанда да, қаһарманның жасаған ерліктері мен ұлтына талас жоқ. Тек есімі қазақ жерінде туған Кеңес Одағы Батырларының тізімінде көрсетілмегені болмаса.

### «Қыр баласы қол созады аспанға»

Балалық шағы Қарақалпақ автономиясы орталығы Төрткүлде өткен Біліс өмірге ерте араласты. 1933 жылы бозбала Біліс Түркімен КСР-нің Шарджу қаласындағы Су көлігі техникумына оқуға түсті. Екі жылдан соң су көлігі маманы боп шықты. Жас жігіт жолдамамен Әмудария өзеніндегі «Альбатрос» кемесінде капитанның көмекшісі боп еңбек жолын бастайды. Жас маман Әмудария флотилиясында жүрсе де, оны әдебиет пен поэзия қызықтыратын. Орыс тіліне өте жүйрік жігіт қолына түскен кітап болса оқып бітірмей қоймайтын.

Арманы асқақ Біліс ақыры Нүкіс мемлекеттік педагогика институтына түсіп, білімін жалғастырды. Мұғалім мамандығын меңгерген ол Төрткүлдегі медуциллишеде математика, физика пәндерінен дәріс оқыды. Білімі мен біліктілігі, ішкі тәрбиесі арқылы жас болса да өз ортасында өте абыройлы болды.

1937 жылы 18–20 маусымда В.Чкалов бастаған кеңес ұшқыштары Москвадан Солтүстік полюс арқылы АҚШ Ванкуверге континентаралық ұшу сапарын жасады. Сол заманда бұл әлемдік деңгейдегі жаңалық еді. Бұл тарихи ұшу Білістің кеудесіне жаңа арман ұялатты. Көкке қол созған ол арман жас жігіттің кеудесіне мәңгілікке ұялаған еді.

Осынау арман жиырма жастағы Біліс Нұрпейісовті Запорожье облысындағы Мелитополь әскери авиация училищесіне алып келген. Білімді жігіт училищеге түсу емтихандарын өте жақсы тапсырды. Училище қабырғасында Біліс өзін штурман-ұшқыш болуға дайындады. Бұл – көкке қол созған болашақ батырдың ұшқыштық өмірінің бастауы еді.

### Батыр болып тумайды

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталды. Бұл Біліс Нұрпейісовтің әлі әскери училище қабырғасында жүрген кезі болатын. Бірақ әскери ұшақты әжептәуір меңгеріп қалған. Тосыннан жеткен соғыс хабары Біліс сияқты жастардың ерте есеюіне әсер еткені рас.

Соғысқа алып мемлекеттің жер-жерінен кәметке толғандардың бәрі шақырылып жатты. Тіпті, мұрнына соғыс иісі бармаған, қару ұстап көрмеген жандар да алынды. Ал әскери училищенің жоғарғы курс курсанттары армияның резерві ретінде алғашқылардың бірі боп шақырылды. Сол қатарда Мелитополь әскери авиация училищесінің курсанты Плис Нұрпейісов те тұрды. Осылай болашақ батыр Отанды ұшақ штурвалында көктен қорғауға кірісті.

Плистің әскери ұшақпен алғашқы әуеге көтерілуі Сталинград майданында Еділ (Волга) өзені аспанында болды. Әскери ұшқыш Нұрпейісовтің міндеті жаудың маңызды нысандарын бомбалау еді. Яғни барлаушы-бомбалаушы ұшқыш. Бұл ұшқыштан әбжілдікті, жер жағдайын жақсы білуді талап ететін. Дегенмен, шығынсыз соғыс болмайтыны белгілі. Плис Нұрпейісовтің ұшағы да да кезекті тапсырмада жау истребителінің шабуылына тап болған. Ұшақ отқа оранса да, ұшқыштар өз экипажын аман сақтап, ұшақты аэродромға қондырады. Жердегілер ауыр жаралы Плисті отқа оранған «Пе-2» ұшағынан шығарып үлгерді.

Осыдан соң ұшқыш П.Нұрпейісов Иркутск қаласындағы әскери госпитальға түсті. Дәрігерлер аман қалады, бірақ ұзақ емделеді деді. Госпитальда жарты жыл жатты. Мұндай жарақаттан соң екінші бірі қатарға тұрмайтын, тек ұшқыш Плис емес. Ол мақсаты айқын, жігері жасындай жігіт еді.

### Болмысы бөлек барлаушы ұшқыш

Жас ұшқыш ұзақ емделуден соң қатарға қайта қосылды... Себебі, бұл соғыс уақыты және Плис сияқты ұшқыштар сирек болатын. Бірақ Плиске қайта дайындықтан өтіп, білімін толықтыру керек еді. Майданға келген ұшақтар да қайта жетілдірілген, соғыс тактикасы да өзгерген еді бұл кезде.

Москва түбіндегі қайта даярлықты атақты ұшқыш, Кеңес Одағының Батыры, генерал-полковник Николай Каманин жүргізді. Генералдың қайта дайындауында Плис көп нәрсе игерді. Түнгі, бұлтты жағдайда соғыс жүргізуді үйренді. Үйренгенінің бәрі кейін алғыр ұшқыштың қажетіне жарады.

Қайта дайындықтан соң ұшқыш П.Нұрпейісов бақылаушы ұшқыш ретінде 47-ші жеке барлау авиация полкіне жіберілді. Осы кезеңнен Плистің барлаушы-ұшқыш ретіндегі ұшулары басталды. Бұл деген елден бұрын жаудың әуе шебінен асып, бізге керек мәліметтерді алып келу еді, яғни үнемі жау аспанында болу. Көп ұзамай-ақ, Плис Нұрпейісов өз ортасында әскери ұшқыштар арасында айтылатын «Летчик разведчик-Ас» деген атқа ие болды.

Екінші дүниежүзілік соғыста барлау авиациясы ерекше рөл атқарды. Барлаушы-ұшқыштардың мәліметтерінің (әуеден түсірген жау тылының суреттері, жаудың аэродром, теміржолдары туралы мәліметтер) майдан бағытына әсері зор болды. Міне, сол ортада жанын шүберекке байлап қыран-қазақ Плис Нұрпейісов жүрді.

Сақталған деректер бойынша барлаушы-ұшқыш П.Нұрпейісов 1944 жылдың наурыз айынан 1945 жылдың сәуір айына дейінгі бір жылда 106 рет көкке көтеріліпті. Оның 10-ы Берлин аспанында. Тәуліктеп әуе қорғанысында болған, зенитшілердің толассыз оғы аспанды атқылаған рейх астанасы Берлин аспанынан керек мәлімет алып келу расында да көзсіз ерлік еді. Плистің экипажында Д.Дунаевский, С.Кононов, М.Панфилов сынды ұшқыштар болыпты.

Осы экипаж соғыстың соңында Германияның Кенингсберг, Штеттин, Данцинг, Гдыня қалаларының әуесіне бірнеше реттен барлау жасаған. Солай жеңісті жақындатқан. П.Нұрпейісовтің экипажы жаудың 148 аэродромын анықтап, 3646 теміржол эшалонын суретке түсірген екен. 1735 зенитті батареяны, 925 түрлі кемені анықтап, 78 қала мен порттарды аэросуретке түсірген.

Әскери басшылық Плис Нұрпейісовті «Ерекше ұшқыш» деп бағалапты. Ұшқыш майдандағы ерліктері үшін Ленин орденімен, 1-ші және 2-ші дәрежелі Отан соғысы, екі мәрте Қызыл Ту, Қызыл жұлдыз ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған.

Амал не, 1945 жылы 23 сәуірде, жеңіске екі-ақ апта қалғанда болмысы бөлек ұшқыш П.Нұрпейісов қаза тапты. 1945 жылдың тамыз айында оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



**3** мамырда Балуан Шолақ атындағы спорт және мәдениет кешенінде Алматы студенттік лигасының кезекті маусымы қорытындыланды. Жарыс соңында жеңімпаздарды марапаттау рәсімі өтті. Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен бастау алған лигаға 36 жоғары оқу орнынан 108 команда, жалпы саны 1300-ден астам студент қатысты.



Дастан  
ҚАСТАЙ

Жарыс футбол, волейбол және баскетбол бойынша толыққанды чемпионат форматында өтті. 2025-2026 маусымы қыркүйек айында басталып, күзгі және көктемгі кезеңдерді қамтып, мамыр айында қорытындыланды.

Финалдық кеш жарыс қана емес, нағыз жастар шоуына айналды. Алаңда командалар әр шабуыл үшін соңына дейін күресіп, барын салды. Ал трибуналарда жанкүйерлер өз командаларына қызу қолдау көрсетіп, зал ерекше эмоцияға бөленді. Маусым қорытындысы бойынша «Тұран» университетінің құрамасы үздік футбол командасы атанды. Волейболдан Қазақ спорт және туризм академиясының командасы көш бастады.

Алматы қаласы спорт басқармасының басшысы Дархан Нұрханұлы футболшыларды марапаттау рәсімінде турнирлерді ұйымдастыру сапасы мен оларды әрі қарай дамытудың маңыздылығын айтты. Ол сөзінде Алматы жастар қаласы екенін, сондай-ақ, белсенді әрі спортты жаны сүйетін жандардың орталығына айналғанын жеткізді.

Жеңімпаз командалар ғана емес, жекелей номинациялар бойынша үздік ойыншылар да ерекше құрметке ие болды. Көрермендер үшін конкурстар мен сый-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

## СТУДЕНТТЕР ЛИГАСЫ:

Тартысты маусымның жеңімпаздары марапатталды

лықтар ұйымдастырылып, спорт, музыка және жастар энергиясы бір арнаға тоғысты.

Іс-шараны әзілкеш Аңсаған Садырғанов пен инфлюенсер Айдана Кентаева жүргізді. Жас тыңдармандар арасында Бонапарт есімімен танылған әнші, Rukh Music резиденті Жанабек Серікбек өз өнерін ортаға салды. Сондай-ақ, Мөлдір Мұқан, «Астра» тобы, Бағдат Сейін сынды көпшілікке белгілі өнер адамдары көрермен ықыласына бөленді. Ауқымды фести-

вальді Алматы қаласы әкімдігі, Алматы қаласы Спорт басқармасы және Алматы футбол федерациясы ұйымдастырды.

Ұйымдастырушылардың айтуына қарағанда, Алматы студенттік лигасы студенттік спортты дамытуға, салауатты өмір салтын насихаттауға және жоғары оқу орындары арасындағы достық байланысты нығайтуға бағытталған заманауи платформаға айналып келеді.

# ӘЛЕМДІК ДОДА

Орталық Азия футбол жанкүйерлерін баурай ала ма?

**Футбол – әлемдегі ең танымал спорт. Әртүрлі деректер бойынша ала доп ойынын 3,5-4 млрд. яғни әлем халқының жартысына жуығы тұрақты түрде тамашалайды. FIFA жариялаған мәліметке сүйенсек, 2022 жылғы әлем чемпионатының финалын 1,5 млрд. адам тікелей эфирде көрген.**



Досбол  
АТАЖАН

Футболға деген мұндай қызығушылық оның айналасында туризм, қаржы, инфрақұрылым сынды салаларды шоғырландырды. Адам назары ауған жақта ақша болатыны анық. Мысалы, өткен жылы Алматыға келген «Реал Мадрид» клубының құны – 5,5 млрд. еуро. Команданың Мбаппе, Винисиус, Беллинге́м сынды жұлдыздары футбол нарығында 180–200 млн. еуроға бағаланады. Испаниялық клуб бір маусымда өз ойындарын көрсету құқығы үшін телеарналардан 150-160 млн. еуроға жуық табыс табады. Сондай-ақ, клубтың да, ойыншылардың да жеке демеушілері жылына миллиондаған қаржы төлейді.

Одан бөлек, жанкүйерлер сүйікті клубы үшін әлемнің түкпір-түкпірін шарлауға дайын. Яғни футбол туристерді тартуға, туризмді дамытып, сол арқылы ел экономикасына жақсартуға мүмкіндік береді. Мәселен, «Қайрат» пен «Реал Мадрид» арасындағы ойынды тамашалау үшін былтыр Алматыға 5 мыңға жуық шетелдік турист келген. Ал әлемдік алпауыттардың әр матчын көруге дүние жүзінен мыңдаған адам барып отырады.

Еуропа елдері доп арқылы табыс табуды жолға қойған. Оңтүстік Америка елдерінде де бұл көрсеткіштер жақсы деңгейде. Солтүстік Америка, оның ішінде АҚШ бұл спортқа кейінгі жылдары ерекше көңіл бөле бастады. Азия елдері де қалыспауға тырысып келеді.

Оның ішінде Жапония, Оңтүстік Корея және Қытай футболға инвестиция салуды әлдеқашан бастап кеткен. Бүгінде оның пайдасын көріп отыр. Ал Орталық Азияда осы саладағы жұмыс енді ғана қыза бастады. Футболды дамытудың ең алғашқы талабы мен қадамы инфрақұрылым екенін түсінгендей, Қа-

зақстан, Өзбекстан және Қырғызстан кезек-кезек ірі стадиондар салуға кірісті.

### ҚАЗАҚСТАН

Еліміздегі ең ірі стадион Алматы қаласында салынады. Бұл туралы өткен жылы белгілі болды. Бастапқыда «Қайрат» клубы өнер көрсетіп жүрген Орталық стадионды жаңартып, оның сыйымдылығын көбейту жоспарланған еді. Алайда, қала басшылығы жаңа спорттық нысан салуға бекінді.

Қазіргі уақытта Медеу ауданы, Құлжа тас жолының бойында халықаралық талаптарға сай 45 мың орынды стадион құрылысы үшін қажетті жер телімі бөлінген. Жаңа стадион УЕФА-ның IV санатының талаптарына сәйкес салынады. Жоба аясында табиғи шөп жамылғысы бар футбол алаңы, сондай-ақ көрермендерге қолайлы болу үшін 1000-нан астам көлікке автотұрақ орындары қарастырылған.

– Құрылыс-монтаж жұмыстарының аяқталу мерзімі шамамен, 2027 жылдың IV тоқсанына жоспарланған. Құрылыс құны жобалау-сметалық құжаттама

Мемлекеттік сараптамадан өткеннен кейін айқындалатын болады. Барлық техникалық-экономикалық көрсеткіштер сараптамадан өткеннен кейін нақтыланатын болады, – деді Алматы қаласы Құрылыс басқармасының өкілдері.

### ҚЫРҒЫЗСТАН

Қырғыз елі Орталық Азия мемлекеттерінің ішінде бірінші болып сыйымдылығы 50 мыңнан асатын спорттық нысан салып жатыр. Кабар агенттігінің мәліметінше, Бішкекте құрылысы 2024 жылы басталған стадион 8 блоктан тұрады. Сырты киіз үй пішіндес нысанның биіктігі – 70 метр, ал құрылыстың жалпы аумағы – 170 мың шаршы метр. Оның жанындағы автотұрақ 2 мың көлікке арналып салынады.

Сонымен қатар, стадионның ерекшелігі – оның аумағында әлемдік брендтерге арналған 40 мың шаршы метрлік сауда алаңы қарастырылған. Онда әлемдік брендтердің бутиктері, бизнес-орталықтар мен фуд-корттар орналасады. Нысанды 2026 жылдың тамыз айында пайдалануға беру жоспарланып отыр. Бастапқыда стадион 45 мың орынға салыну тиіс еді. Алайда, FIFA ұсынысы бойынша орын саны 51 мыңға дейін ұлғайтылды.

### ӨЗБЕКСТАН

Жаңа Ташкентте 2025 жылдың қарашасында футбол стадионының құрылысы басталды. Өз агенттігінің мәліметінше, 55 мың көрерменге арналған нысан 6 қабатты болады. Мұнда спортшыларға, жанкүйерлерге және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне қажетті жағдай жасалады. Көрермендердің кіріп-шығуын жеңілдету үшін 10-нан астам эскалатор орнатылады.

Сондай-ақ, аумақта қосымша 3 жаттығу алаңы салынады. Стадион маңында метро станциясы бой көтеріп, 5500 орынды автотұрақ қарастырылады. Қазір белгіленген аумақта жерді тегістеу жұмыстары толық аяқталған, іргетас құю жұмыстары 95 пайызға орындалған.

FIFA 2027 жылы 20 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатын Өзбекстан мен Әзербайжанда өткізу туралы шешім қабылдады. Осы жарыс аясында Жаңа Ташкенттегі жаңа стадионда бірқатар ойындарды өткізілмек.

### ОРТАҚ ТАБЫС

Бір қарағанда аталған үш жобаның бір-біріне байланысы жоқ секілді көрінгенімен, арақашықтығы алыс емес қалаларда салынып жатқан нысандардың бәріне ортақ мүмкіндіктер ашады. Қазір FIFA халықаралық жарыстарды бір мемлекетке қана байлап қоймай, бірнеше елде ұйымдастыру бағытына бет бұрды.

Мысалы, биыл футболдан кезекті әлем чемпионаты АҚШ, Канада және Мексиканың 16 қаласында өтеді. Турнир 11 маусым мен 19 шілде аралығында ұйымдастырылады. Ашылу матчы 11 маусымда Мехико қаласындағы аңызға айналған «Ацтека» (Estadio Azteca) стадионында жоспарланған. Ал шешуші ойынды 19 шілде күні АҚШ-тың Нью-Джерси штатындағы «Метлайф Стэдиум» (MetLife Stadium) стадионы қабылдайды.

2027 жылғы жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатының Өзбекстан мен Әзербайжанда бірігіп ұйымдастырылуы да FIFA-ның осы бағытын айқындайды. Орталық Азия елдеріне әлемдік жарыстарды жалғыз қабылдау әлі де болса, қиындық тудырады. Бірақ Алматы, Ташкент пен Бішкектегі 45-55 мың аралығындағы стадиондар болашақта ең беделді халықаралық жарыстарды өткізуге жол аша алады. Бұл осы өңірдегі футболдың әлеуетін арттырады.





## КОНФЕРЕНЦИЯ

# БАЛАЛАР НЕЙРОХИРУРГИЯСЫ

## Алматыда халықаралық деңгейде талқылануда



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

**Шаһарда International Society for Pediatric Neurosurgery («Балалар нейрохирургиясы патологияларына пәнаралық тәсіл») халықаралық конференциясы өтіп жатыр. Іс-шараны Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова мен Алматы қаласы әкімінің орынбасары Нұрлан Әбдірахым ашты.**

Бұл алқалы жиын Қазақстан үшін ғана емес, жалпы балалар медицинасының дамуы үшін стратегиялық маңызға ие. Конференция алаңында ең күрделі ауруларға шалдыққан балалардың денсаулығы мен өмірі туралы, яғни ми ісіктері, сирек кездесетін патологиялар, соның ішінде фармакорезистентті эпилепсия, туа біткен даму ақаулары, сон-

дай-ақ ауыр неврологиялық және қозғалыс бұзылыстары сынды кеселдердің өзекті тұстары қозғалуда.

Мұндай диагноздар әртүрлі бейіндегі мамандардың барынша дәл әрі үйлесімді әрекетін және жоғары технологиялық араласуларды қоса алғанда, заманауи емдеу әдістерін қолдануды талап етеді. Сондықтан конференция-

ның негізгі тақырыбы ретінде пәнаралық тәсіл таңдалған. Бұл қазіргі күні дамыған медициналық жүйелерде әлемдік стандарт болып саналатын модель. Конференцияны ұйымдастырушылар – Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы және №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасы.

– Кейінгі жылдары елімізде сәбилер өлімін 25%-ға төмендетіп, алғашқы буыннан бастап жоғары технологиялық қызметтерге дейін медициналық көмек көрсетудің неғұрлым тиімді жүйесін құруға мүмкіндік туды. Инфрақұрылым дамуда, нейрохирургияны қоса алған-

да, күрделі операцияларға қолжетімділік кеңеюде, онда жыл сайын балаларға 17 мыңнан астам ота жасалды, – деді Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова.

Елімізде ерте диагностикаға, оңалтуға және инновациялық технологияларды – нейронавигация мен интраоперациялық нейромониторингті енгізуге ерекше назар аударылады. Бұл араласудың дәлдігін арттырады және пациенттер үшін тәуекелдерді азайтады.

Конференцияның практикалық бөлігі еуропалық мамандардың, соның ішінде Берлин клиникасы өкілдерінің қатысуымен өтетін шеберлік сабақтарын қамтиды. Дәрігерлер тәжірибе алмасып қана қоймай, демонстрациялық операциялар барысында заманауи тәсілдерді қолданады.

– Шеберлік сабақтары аясында біз күрделі патологияларға – мидың терең ісіктеріне, фармакорезистентті эпилепсияға және туа біткен ауытқуларға операция жасаймыз. Нейронавигация мен нейромониторингті қолдану араласудың дәлдігін арттыруға және пациенттер үшін қауіпті азайтуға мүмкіндік береді, – деді №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасының директоры Марат Рабандияров.

Сарапшылар мұндай деңгейдегі конференцияның отандық медицинаның халықаралық беделін арттырады деп отыр. Бұл еліміздің жаһандық кәсіби қауымдастықтың бір бөлігіне айналып, заманауи емдеу стандарттарын енгізуге дайын екенін көрсетеді.

Ұзақ мерзімді перспективада мұндай конференциялар денсаулық сақтау жүйесіне тікелей әсер етеді: дәрігерлердің біліктілігі артады, диагностика жақсарады, жаңа емдеу әдістері енгізіледі, соның нәтижесінде кішкентай пациенттерде сауығу және толыққанды өмір сүру мүмкіндігі артады.

## КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

## Өмірге берілген «жолдама»

**№7 қалалық клиникалық аурухана дәрігерлері ана мен оның құрсағындағы сәбидің өмірін сақтап қалды. 25 жастағы пациент жүктіліктің 19-аптасында ауыр жағдайда аталған медициналық мекемеге түскен болатын.**

Тексеру барысында жатырдағы «миоматозды түйіннің некрозы» анықталды. Пациенттің айтуынша, жатыр миомасы алғаш рет осыдан екі жыл бұрын анықталып, әйел тіркелген емханасында диспансерлік бақылауда болған. Түйіндердің көлемі шағын болған және ауырсынбаған. Алайда, былтыр жүктілік басталғаннан кейін гормоналды өзгерістерге байланысты миоматозды түйіндер жылдам ұлғая бастаған.



Алғашында дәрігерлер консервативті ем тактикасын таңдады: екі тәулік бойы ем жүргізіліп, науқастың жағдайы бақылауда болды. Дегенмен, ауырсыну басылмады, ал қайта жасалған ультрадыбыстық зерттеу жағдайдың нашарлағанын көрсеткен.

**Дәрігерлер алдында күрделі таңдау тұрды:** күту тактикасын жалғастыру немесе ана мен оның құрсағындағы енді ғана жетіліп келе жатқан шарана үшін жоғары қауіп төндіретін операция жасау.

Клиникалық жағдайды ескере отырып, мультидисциплинарлық консилиум шешімімен операция жасау туралы шешім қабылданды. Гинекология бөлімшесінің меңгерушісі С.Оспанғалиеваның жетекшілігімен хирургтар асқан дәлдікті, шеберлікті қажет ететін, мүлт кетуге болмайтын консервативті миомэктомия жасады, яғни некрозға ұшыраған түйін алынып, жатыр мен жүктілік барынша сақталды.

Ал кейін жүктілік кезеңі сәтті өтіп, әйел уақытында аманесен босанды.

## БРИФИНГ

**Алматыда да маусымдық аллергия бас көтерді. Оған ертерек басталып, ұзаққа созылған гүлдеу маусымы да кәдімгідей әсер етіп отыр. Алматыда көктемде – ағаш тозаңы (қайың, қандыағаш, терек), жаздың басында – астық тұқымдас шөптер, жаздың соңы мен күзде – арамшөп, әсіресе, жусан мен амброзия қауіпті.**

Ең күрделі кезең сәуір–мамыр, маусым–шілде мен тамыз–қыркүйек аралығы. Осы кезеңдерде ауру барынша асқынады. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты жанындағы Республикалық аллергологиялық орталықтың жетекшісі Арай Батырбаева маусымдық аллергия, әсіресе, балалар арасында күрт өскенін атап өтті.

Былтыр 14 жасқа дейінгі балалар арасында шамамен, 4,7 мың аллергиялық ринит пен 3 мыңнан астам бронх демікпесі тіркеліпті. Жасөспірімдерде көрсеткіш төменірек болса, ересектерде керісінше демікпе жиі кездеседі.

«Қазіргі диагностика аллергияның нақты себебін

## Аллергияның әлегі



анықтай алады. Біз тері тесттерін, қан талдауын, молекулалық диагностиканы қолданамыз. Бұл емді дұрыс таңдап, қауіпті бағалауға көмектеседі. Кей жағдайда тыныс алу жүйесіне қатысты қосымша зерттеу жүргізіледі», – деді Арай Батырбаева.

Мамандар ағаш, шөптердің гүлдеу кезеңінде құрғақ әрі желді күндері, әсіресе, таңертең сыртқа жиі шықпаған дұрыс дейді. Үйге келген соң жуынып, киім ауыстырып, мұрынды шаю керек. Терезені жауып, бөлмені ылғалдап, ауа тазартқышты қолдану қажет. Бұл – аллергиядан қорғандың ең қарапайым тәсілдері.

Арамызда маусымдық аллергияны суық тигенмен ша-

тастыратындар да аз емес көрінеді. Мәселен, аллергия кезінде дене қызуы болмайды, бірақ қышынып, түшкіріп, көзден жас ағады, әрі белгілер ұзақ сақталып, жыл сайын қайталаанады. Бұл ауру ем-домсыз өздігінен кетпейді, керісінше асқынып, демікпеге әкелуі мүмкін. Сондықтан «өзі кетеді» деп жүре бермей, дәрігерге барып, уақытылы емделген абзал.

Қазіргі күні ең тиімді емдеу әдісі – аллерген-спецификалық иммунотерапия. Ол 3–5 жылдық курс түрінде жүргізіліп, белгілерді азайтып, аурудың өршуін баяулатады. Ауырмайық!

**Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.**



# «Almaty aqshamy» газетіне жазылыңыз!

«Almaty aqshamy» – елдегі ең ірі мегаполистің бас басылымы. Алматылықтарға етене, ел оқырмандарына ортақ газет – қазақ журналистикасының дәстүрлі мектебі мен заманауи ой алаңы.

«Ақшам» бетінде Алматы айшықтарымен қатар тұтас елді толғандыратын тақырыптарды таба аласыз. Тұрмыстық мәселелерден тартып, іскерлік ортаға дейінгі тақырыптарға талдамалық, сараптамалық жауаптарды аласыз.

## Бізге жазылыңыз!

Алматыдағы өнер мен әдебиеттің, сән мен шоу-бизнесінің соңғы трендтерінен қалыс қалмаңыз!

Басылымға «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдерінде жазылуға болады.

Бізді онлайн оқуға болады: [aqshamnews.kz](http://aqshamnews.kz)

Анықтама үшін телефондар:

8 (727) 293-08-12,

8 (727) 293-08-25.

## 2026 жылға басылымға жазылу науқаны жалғасып жатыр

### ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 Жеке жазылушылар үшін:	15503 Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін:	95503 Зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін:
1 айға – 835,96 теңге.	1 айға – 1431,83 (қала), 1035,96 (ауыл) теңге.	1 айға – 615,96 теңге.
3 айға – 2507,88 теңге.	3 айға – 4295,49 (қала), 3107,88 (ауыл) теңге.	3 айға – 1847,88 теңге.
6 айға – 5015,76 теңге.	6 айға – 8590,98 (қала), 6215,76 (ауыл) теңге.	6 айға – 3695,76 теңге.
8 айға – 6687,68 теңге.	8 айға – 11454,64 (қала), 8287,68 (ауыл) теңге.	8 айға – 4927,68 теңге.

## Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz** сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн-режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі.

Қызмет 24/7 қолжетімді.

## ЖЕҢІС КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА



(Сурет автордікі).

Алматыдағы Мәншүк Мәметова атындағы №28 мектеп-лицейі қабырғасында Ұлы Жеңіс күніне орай «Аңызға айналған қыз» атты тағылымды іс-шара өтті. Батыр қыз білім алған білім ордасында ұйымдастырылған кеш ерекше рухани әсерге толы болды. Қатысушылар Мәншүк Мәметова ерлігін еске алып, оның майдандағы жанқиярлығы мен қайсарлығы туралы кеңінен сөз қозғады.

## «Аңызға айналған қыз»

Рая  
ЕСКЕНДІР

Іс-шараға мектеп ұжымы, оқушылар, аға-аналар және құрметті қонақтар қатысты. Жиын барысында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алу рәсімі өтті.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай кездесулердің басты мақсаты – жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыру, ел тарихындағы маңызды кезеңдерді ұғындыру және патриоттық құндылықтарды дәріптеу.

Кештің басты ерекшелігі – батырдың сіңлісі, құрметті қонақ Шолпан Қанатқызы Мәметованың қатысуы болды. Ол өз сөзінде Мәншүк Мәметованың балалық шағы, мінезі мен отбасы жайлы естеліктерімен бөлісіп, батыр қыздың табандылығы мен қайсарлығы ерте жастан байқалғанын атап өтті. Оның айтуынша, Мәншүктің ерлігі – тек әулетінің емес, бүкіл халықтың мақтанышы. Сонымен қатар, ол жастардың тарихи жадыны сақтауға деген ықыласына жоғары баға берді.

Мектеп директоры Айсұлу Темірғалиқызы өз сөзінде Мәншүк Мәметова тұлғасын тек соғыс қаһарманы ретінде емес, ерік-жігер мен Отанға адалдықтың символы ретінде атап өтті.

Кеш барысында тарихи деректер де кеңінен қамтылды. Атап айтқанда, батырдың 1942 жылы өз еркімен майданға аттанып, пулеметші ретінде қызмет еткені, ал 1943 жылы Невель қаласы маңындағы шайқаста соңғы оғына дейін шайқасып, ерлікпен қаза тапқаны айтылды. Кейін оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілгені де оқушыларға нақты түсіндірілді.

Бағдарлама аясында Жамбыл Жабаев жырлары оқылып, соғыс жылдарындағы халық рухы сахналық қойылымдар арқылы бейнеленді. Әсіресе, Мәншүктің майданға аттануы мен соңғы шайқасын суреттеген көріністер көрерменге ерекше әсер қалдырды.

Жалпы, «Аңызға айналған қыз» атты іс-шара – тек еске алу кеші ғана емес, жас буынның тарихи танымын қалыптастырып, батырлар ерлігі арқылы ұлттық рухты дәріптеген мазмұнды алаңға айналды.

## Ерлік ұмытылмайды

Әлемді дүр сілкіндірген Екінші дүниежүзілік соғыс ел тарихындағы ең қасіретті күндердің бірі ретінде есте қалды. 1945 жылы 9 мамырда аяқталған сұрапыл соғыстан бері қанша уақыт өтсе де, майдангерлердің ерлігі мен жанкешті жеңіс рухы ұмытылмайды. Олардың қайсар батырлығы содан бергі 81 жылдық бейбіт күнді жаратты.

Сондықтан да елдің азаттығы мен ұрпақтың жарқын болашағы үшін жанын пида еткен боздақтарымызды мәңгі есте сақтау және олардың рухтарына тағзым ету – қасиетті борышымыз.

Сол кездегі одақтас елдермен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Соғыстың алғашқы күндерінен тартып Қазақстан халқы да жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінен соғысқа қатысуға ерікті жандар алынды. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап, Берлинге дейін барды. Ұлы Отан соғыс жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

Оқ пен оттың ортасында жүріп, Отанын қорғаған жауынгерлер саны аз емес. Кеңес Одағының Батыры атағын иеленген, олардың ішінде Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншік Мәметова, Хиуаз Доспанова, Талғат Бигелдинов, Қасым Қайсенов, Сабыр Рахимов, Рахымжан Қошқарбаев, т.б. сынды батырлар бар. Мыңдаған қазақ жауынгерінің арасында өшпес ерлік жасағанымен, атақ-даңққа ілікпегендері де бар. Отаны үшін жанын пида еткен батырлардың есімдері ұрпақтың жадынан ешқашан өшпегенге тиіс.

Әр отбасында соғысқа қатысып, жеңіспен оралған немесе ерлікпен қаза тапқан ата-әжелері бар. Қазақстаннан 1941–1945 жылдардағы қанды қырғынға 1,5 миллион ұл мен қыз аттанды. 600 мыңнан астам қазақстандық бұл соғыстан оралмады. 500-ден астамы елге Батыр атанып, аңызға айналды. Әр жыл сайын 9 мамыр күні Қазақстанның барлық қалаларында «Жеңіс күні» барлық соғысқа

қатысқан ардагерлерді еске алып, оларға тағзым етіледі. Көзі тірі ардагерлерміздің қатары күн сайын сиреп жатқанымен, оларға деген құрметіміз азаймайды. Олар – соғысты өз көзімен көрген көзі тірі батырлар. Есесіне, олардың ұрпақтары соғысқа қатысқан аталарының ерліктерін айтып, мақтан тұтады. Ал ардагерлер болса өмір бойы «Біз көрген зұлматты ұрпағымыз көрмесін!» деген тілекпен өтті. Біз, кейінгі ұрпақтары олардың еңбектерін ұмытпауға тиістіміз.

Бүкіл халық сол соғыста жеңіске жеткен ардагерлерге, әкелерімізге және аталарымызға бастарын төмен иеді және алғыс сезімімен қарайды, олардың ерлігі арқасында бүгінгі біз – азатпыз, тәуелсіз әрі әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз.

Ұлы Жеңіске өлшеусіз үлес қосқан жауынгер бабалардың ерлігі мен Отан үшін от кешкен батырларға тағзым ету, құрмет көрсету – парызымыз. Бүгінгі бейбіт күннің басты тілегі – зұлмат соғыс қайталанбаса екен. Адамзат бейбіт күннің қадірін біліп, өзі өмір кешкен әлемді ізгілікке толтыра берсін!

**Ғазиза МАРАТОВА,**  
Алматы қаласы бойынша  
Мемлекеттік  
қазынашылық  
департаменті  
Қолма-қол ақшаны бақылау шоттары бойынша төлемдерді өткізу басқармасының бас маман-бас қазынашысы.



Бас директор –  
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:  
тел.: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –  
Абдухалил ЖАЛИЛОВ  
тел.: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –  
Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА  
тел.: 293-04-28.

Бас редактор – Есхат БОЖАН  
тел.: 293-52-24.

Жауапты хатшы –  
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ  
тел.: 293-52-43.

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –  
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –  
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –  
Гүлжанат СЕМБАЕВА  
тел.: 293-52-36.

Коммерциялық директор –  
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ  
тел.: 293-08-12. E-mail:  
[rekalatauqparat@gmail.com](mailto:rekalatauqparat@gmail.com)

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:  
[rekalatauqparat@gmail.com](mailto:rekalatauqparat@gmail.com)  
тел.: 293-08-25  
8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –  
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:  
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,  
Сейітқазы МАТАЕВ,  
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША  
ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:  
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70  
телефоны арқылы сағат 9.00-ден  
18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty  
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:  
«Alatau Aqparat» ЖШС.  
E-mail:  
[alatauqparat@gmail.com](mailto:alatauqparat@gmail.com)  
Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет,  
сейсенбі және жұма күндері  
шығарылады.  
Нөмірдің таралымы –  
10 252 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор –  
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.  
Тіркеу туралы  
№ KZ17VPY00085956  
күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
Суреттердің сапасына редакция жауапты.  
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.  
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.  
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.  
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00  
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



# АЛМАТЫ АЖАРЛАНА ТҮСТІ

**Демалыс күндері республикалық «Таза Қазақстан» акциясы және «Мөлдір бұлақ» экологиялық бастамасы аясында ауқымды сенбілік өтті. Қаланың 8 ауданында өткен экологиялық іс-шара 10 нысанды қамтыды.**



Нұрлан  
СҮЙІН

Алматы қаласының Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының өкілдерінің айтуынша, іс-шараларға 5520 адам қатысып, 192 бірлік арнайы техника жұмылдырылды. Жұмыс барысында 588 м<sup>3</sup> қоқыс пен қалдық шығарылып, 210 ағаш егілді.

Қалалық инфрақұрылымның маңызды аумақтарын қамтыған сенбілікте қоғамдық кеңістіктер, аула аумақтары мен су жағалаулары тазартылды. Тазалау және көріктендіру жұмыстары «Ақбұлақ» шағынауданындағы Аханов көшесінің бойында, Төле би – Абылай хан – Бөгенбай батыр – Панфилов көшелері аралығында, «Сайран» шағынауданында, Қырмызы көшесінде, «Гүлдер» саябағында және «Айнабұлақ» шағынауданында, Үлкен Алматы каналы бойында және Халиуллин көшесінде, Таутаған көшесі учаскесінде, сондай-ақ «Желтоқсан» саябағында жүргізілді.

Іс-шаралардың негізгі мақсаты – экологиялық жағдайды жақсарту, тұрғындардың санитарлық мәдениетін арттыру және қоршаған ортаға ұқыпты қарау дағдысын қалыптастыру.



Суреттерді түсірген Самар СЕРІКБАЙҰЛЫ.

## Иіскеңіз, бірақ тиіспеңіз!

**Көктем келіп, табиғат жаңарған шақта айналаны Керекше көрікке бөлейтін өсімдіктердің бірі – бөртегүл (сирень гүлі). Қазір байқасаңыздар, қаланың қомақты жерлерін осы бөртегүл көмкеріп тұр. Оның нәзік гүлдері мен жұпар иісі алыстан мұрынды жарады.**



Рая  
ЕСКЕНДІР

Соңғы жылдары Алматыда сирень бұталарын көгалдандыруда кеңінен қолдана бастады. Өйткені, ол көпжылдық бұталы өсімдік. Күнде де, көлеңкелі жерлерде де өсе береді. Ерекше жағдай да талғамайды. Оның 30-дан астам түрі бар болса да, біздің қала көшелеріне ақ, күлгін, көкшіл, қызғылт түстері ерекше ажар

беріп тұр. Мамыр айында гүлдейтіндіктен халық арасында осынау бөртегүлді кейде «мамыргүл» деп те атайды.

Дегенмен, сирень биыл ерте гүлдеді. Сирень гүлі экологиялық тұрғыдан да пайдалы деседі. Оның ауаны тазартып, шаң-тозанды ұстап қалатын да қасиеті бар. Сондықтан сиреньді аялап, күтіп-баптау қала көркі мен тазалығы үшін де өте маңызды.

Биылдан бастап Қазақстан Ішкі істер министрлігі қоғамдық орын-

дарда өсетін ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау әкімшілік жауапкершілікке жататынын мәлімдеп, бұл талаптың бөртегүлге де қатысты екенін ескертті. Бұдан былай, Заңға сәйкес, қала аумағында, аулаларда, саябақтар мен көше бойында өсетін гүлдерді жұлға немесе сындыруға болмайды. Егер гүлге зиян келтірсеңіз, 216 мың теңге көлемінде айыппұл төлеуіңіз мүмкін. Тіпті, жеке аумақта өсіп тұрған гүлді жұлсаңыз да жер иесіне келтірілген шығын үшін өтемақы төлейтін боласыз.

Бұған қоса, Қазақстан Экология министрлігі кез келген гүлді жұлға болмайтынын айтып, бұл олардың табиғи таралуына кері әсер ететінін ескертіп отыр. Сондықтан қала көшелерінде, аулаларда өсіп тұрған гүлдерге де құрметпен қараңыздар!

ГАЗЕТИМІЗДІҢ КЕЛЕСІ САНЫ 15 МАМЫР, ЖҰМА КҮНІ ШЫҒАДЫ.

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 542,16 теңге

\$ USD/KZT 462,91 теңге

₽ RUB/KZT 6,16 теңге

¥ CNY/KZT 67,82 теңге